

«ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП»

Тапенова Әлия

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Әр халықтың өзінің ұлы ақыны бар, итальяндықтарда Данте, ағылшындарда Шекспир, немістерде Гете, орыстарда Пушкин, қазақтарда Абай. Поэзияда, музыкада, қоғамдық – азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Европа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды.

Гетенің «Ночная песнь странника» - «Жолаушының түнгі жыры» атты өлеңін Абай Лермонтовтан аударды. Лермонтовтан бөлек, бұл өлеңді орыс тіліне И.Анненский, В.Брюсов, Ю. Александров және Б.Пастернак тәржімалаған. М.Ю.Лермонтовтың аудармасын мысалға келтірсек:

Горные вершины
Спят во тьме ночной;
Тихие долины
Полны свежей мглой;
Не пылит дорога
Не дрожат листы...
Подожди немного,
Отдохнешь и ты.

Ал Абай осы өлеңге өзінше жан бітіріп, қазақ халқының табиғатына жақын сұлулықты беруге тырысқан:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Гетенің бұл өлеңіне жасалған орысша, қазақша аудармаларына көптеген ғалымдар, әдебиеттанушылар, ақын жазушылар өз пікірлерін, сындарын жазады.

В.Г.Белинскийдің айтуынша, «В переводах из Гете мы хотим видеть Гёте, а не его переводчика; если бы сам Пушкин взялся переводить Гёте, мы и от него потребовали бы, чтобы он показал нам Гёте, а не себя». Енді, бұл сөздің растығын сабақтастырып көрейік [6;277].

1914 жылы А.Сидоровтың мақаласы жарыққа шығып, Лермонтовтың «Горные вершины» өлеңіне талдау жасалады. Сидоровтың айтуы бойынша, «формально Лермонтов перевел стихотворение Гете плохо, но перевод Лермонтова оправдан и возносим превыше всего, потому что он существует сам по себе как дивное стихотворение одинаковой важности с гетевым – одинаковой с ним ценности», т.е. оценку перевода подменяет оценкой лермонтовского стихотворения самого по себе[7;40]. Гетенің неміс пафосы орыстың пафосымен аударылды. Сондықтан да Лермонтовтың «Горные вершины» өлеңі аудармашылар үшін қолжетпес биік болып қалады» дейді Сидоров.

В.Жирмунский, А.Федоров сияқты зерттеушілер оны төлтума шығарма деп таниды – Гете өлеңі тек түрткі есебінде. Енді біреулері(мәселен, Б.Эйхенбаум, В.Брюсов) анық аударма деп санайды. Шындығында, бастапқы мен соңғы екі жол болмаса, Лермонтов мәтіні түпнұсқамен дөп түспейді.

Шагинян да Гете туралы кітабында былай дейді: «Лермонтов сделал свой гениальный перевод строго-ритмически, с выдержанным метром. Но он отбросил птичек в лесу, отбросил верхушки дерев, заменив их просто листьями, ввел образ долин, полных влаги, не пылящей ночной дороги, – и эти замены образов природы оправдывают у него и выравнивание ритма оригинала. В.Брюсов стремился соблюсти внешнюю точность ритмического рисунка... Но у Брюсова исказилась нежная и добрая интонация Гете, потому что точность ритмически соблюдена, а образы искажены. Вместо дуновенья в верхушках дерев – искусственное сопоставление леса и долин; вместо примолкших птичек в лесу – более суровые птицы в молчании бора. У Анненского полет в чаще лесов, где можно только перепархивать с дерева на дерево, а не летать, – вообще фальшивый образ», а потому в переводе Анненского «уже нет ни ритмической, ни образной точности» [9; 35].

Осы айтылғандарды енді аудармаларда салыстырып, талдап көрейік.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Гете картинасының кеңдігі қысқа ғана екі өлең жолдары алады. Над всеми вершинами// Тишина. Ал Лермонтовта бұл кеңірек суреттелген. Үш сөздің орнына Лермонтов он сөз қолданады. Горные вершины // Спят во тьме ночной; // Тихие долины // Полны свежей мглой. Лермонтов түпнұсқада жоқ «горные» эпитетін қолданады. Байқасаңыздар, Лермонтовта сипатталған, кеңейтілген сурет. Анненскийде Над высью горную // Тишь. Анненский де «всеми» сөзінің орнына «горной» сөзін қолданады. Бұл жердегі «высь» сөзі де түпнұсқадағы «Gipfel» сөзіне мағынасы жағынан сәйкес келмейді. Ал Брюсовтың аудармасы түпнұсқаға жақынырақ: Над всех вершинах// Покой.

Үш аударманы салыстыра отырып, образды беру соншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Лермонтовтың аудармасы сыртқы форма жағынан басқаларға қарағанда сәйкес келмесе де, бірақ басқа аудармалардың ішінде түпнұсқадағы образға ең жақыны.

Ал енді ең үздік шыққан Лермонтов тәржімасын Абай қалай аударған? Соны талдап көрейік. Біріншіден, ғалымдардың сөзіне жүгінсек.

Әдебиет сыншысы Тұрсынжан Шапай «Шын жүрек, бір жүрек» атты еңбегінде «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңі туралы біраз тіл катады. «Лермонтов субъектісінің назары, яғни, өлеңнің кеңістіктік құрылымы «вертикальды» деуге болады. Абайда, керісінше, «горизонтальды» көру басым. Лермонтовта тау шыңдарынан («горные вершины») назар бірден етектегі аңғарларға ауысады. Бәлкім, орыс ақынының көз алдында етегінде қысаң шатқал, тар аңғарлары мол ақ ала бас Кавказ таулары тұрған болар. Абайдағы сурет Арқаның аласа қоңыр тауларын, жалпақ жазығын нұсқалайды... Лермонтовтың түні мен тыныштығы – бояуы әбден кепкен полотнодай біржолата орнығып, тұрлау тапқан көрініс. «Ағаш басын шалған еміс-еміс желдің білінер-білінбес лебі» болмаса, түпнұсқада да солай. Абайдың түні «шаң шығармас жолға» жеткенше бояуы әлі қанығып болмаған, жарық пен түнектің «ұзақ дауы» мұқым бітпеген күйде...Лермонтовта – сурет. Абайда – қозғалыстағы сурет» [1;69], дейді Тұрсынжан Шапай.

Аударматанушы, профессор Әнуар Тарақов та өз еңбегінде Гетенің «Ночная песнь странника» өлеңінің аудармалары жайлы біраз сөз қозғаған. «Лермонтов аудармасын біреулер еркін аударма, екінші біреулер Гете поэзиясына еліктеу түрінде жазылған десе де, Б.Эйханбаум мен В.Брюсов тура аударма деген ой айтады. Әрине, бұл еліктеу де, бейімдеу де емес. Гете лирикасының ақындық құштарлықпен, шабытпен аударылған орысша

нұсқасы. Қаншама аудармашы қайта аударуға талпынғанымен, М.Ю.Лермонтовтан аса алмаған. Ал, Абай болса, Лермонтовтан да асып түсті. Лермонтовтың сурет салғаны, музыкаға құштарлығы жырдың ойы мен тілін әуезділікке жеткізуге мүмкіндік берсе, Абай көркем тілмен сурет салып, әдемі әуезбен мәңгілік әнге айналдырды. Талант кереметтілігі осында!» [4;9], - деп жазады Әнуар Тарақов.

Лермонтов Гете өлеңінің сөздерін емес, стилін, интонациясын, музыкасын аударған дейді Г.Бельгер. «Қараңғы түнде тау қалғыптың» Лермонтов мәтініне қатысы да сол дәрежеде. Г.Бельгер түпнұсқадан жолма жол аударды.

Над всеми вершинами
Есть покой.
В каждой верхушке (макушке дерева)
Чувствуешь ты
Едва дуновение.
Птички молчат в лесу.
Подожди только, скоро
Отдохнешь ты тоже.

Сонымен қатар, Г.Бельгер Абай аудармасының кері жолма жол аударды:

Темной ночью горы, дремля,
Уходят в сон, разнежившись (разомлев).
Степь тихую разморив (обессилев),
Накрывает ночь, нависая.
Не пылит дорога,
Не вздрагивают листья.
Отдохнешь и ты,
Если проявишь немного спокойствия.

Г.Бельгердің түпнұсқадан жасалған жолма жол аударма мен Абай аудармасының кері аудармасын салыстырсақ, көркемдік жағынан арасы жер мен көктей. Абай аудармасында әуезділік, көркемдік жатыр. Өлеңді оқыған кезде, қазақ топырағына тән дала табиғаты көз алдына келеді. Ал түпнұсқада ондай әсер жоқ.

Үш ақынның да (Гете – Лермонтов – Абай) мәтіндерін салыстыра отырып осы өлеңге тамаша талдау жасаған Герольд Бельгер Абайдағы «Сілкене алмас жапырақ» деген жолдың орнына бала күннен өз құлағына сіңісті болған «Сыбдырламас жапырақ» («Не вздрагивают листья») деген

нұсқасын қолданады. Және бұл екеуінің арасында «принципті айырмашылық жоқ» екендігін де ескертеді. Меніңше, бұл жерде айырмашылық бар секілді. Себебі, Лермонтов «не шелестят листы» емес, «не дрожат листы» сөзін қолданады. «Шелест» - сыбдыр, дыбыстың атауы, «дрожать» - дірілдеу, қалтырау (Абайда: сілкіну). Түпнұсқада бұл өлең жолдың орнына «ормандағы құстардың үні өшкен» жайлы айтылған, «жапырақ» сөзі кездеспейді. Бірақ, «листы», «жапырақ» түпнұсқадағы «В каждой макушке дерева» (Г.Бельгердің жолма жол аудармасы), ал «не дрожат», «сілкенен алмас» түпнұсқадағы «Чувствуешь ты//едва дуновение» (Г.Бельгердің жолма жол аудармасы) өлең жолына сәйкес келеді. Ал, «сыбдырламас жапырақ» оралсақ, Геттеде құстар үнсіз (құс сайрамайды емес), Лермонтовта жапырақ дірілдемейді (не шелестят), Абайдағы жапырақ сілкенен алмайды («сыбдырламас» болуы мүмкін емес).

Бауыржан Момышұлы да «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңіне Абай аудармасының жолма жол кері аудармасын жасап, сосын түпнұсқадан (неміс тілден) жолма жол аударады.

Б.Момышұлының асыл нұсқадан (неміс тілінен) жолма жол аудармасы:

Над вершинами покой,
В листвах не услышишь шороха.
Птички безмолвно молчат в лесу.
Подожди немного,
Скоро отдохнешь и ты.

Абайдың аудармасының жолма-жол кері тәржімәсі:

В темную ночь горы дремлют,
Ко сну уходят блаженно.
В степи тихо, тишине внемлят,
Ночь опускается легким покрывалом.
Не пылит дорога.
Не может встряхнуться листва.
Успокоишься и ты,
Если наберешься немножко терпенья.

Бауыржан Момышұлының түпнұсқадан жасалған жолма жол аудармасы мен Абай аудармасының жолма жол кері тәржімәсын салыстырсақ, арасында үлкен айырмашылық жатыр. Біріншіден, түпнұсқаның жолма жол аудармасы

өте қысқа, мағыналық ой да кең түрде берілмеген, ал Абай аудармасының кері тәржімасы кең ауқымды, терең мағыналы. Жолма жол аударма болмаса да, оқуға өте әсерлі, әдемі.

Бауыржан Момышұлы 1945 жылы бұл өлеңге, оның аудармаларына анализ жасайды да, Гетеге үш қояды, Лермонтовқа төрт қояды, Абайға бес қояды. Егер сол баспаға шықса Бәукеңді ұстап алып кетер еді.

Қараңғы түнде тау қалғыпты» жазғанда, Абай Лермонтов нұсқасын негізге алғандықтан, жоғарыда көрсетілген өлең мәтіндерін салыстыра отырып сабақтайық. Лермонтов аудармасында бір мезгілде, бір уақытта болып жатқан күй, жалғыз сәт суреттеледі. «Горные вершины – Спят во тьме ночной; Тихие долины – полной свежей мглой; - Не пылит дорога – Не дрожат листы...» Осының бәрі бір сәтте болып жатқан табиғаттың көрінісі. Абай өлеңінде бір сәттегі тұтастық, күй жоқ.

Қараңғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер балбырап.

Даланы жым-жырт дел-сал ғып

Түн басады салбырап.

Абайда тау қалғып барады. Біртіндеп балбырап ұйқыға кетпек. Даланы жым жырт ғып, салбырап түн басады. Абайдың түні далаға бірте бірте жайылады. Бір сәтте болып жатқан тұтастық, күй жоқ.

Абай аудармасының, әсіресе соңғы төрт жолын алсақ, орысшасына дәлме-дәл. Әрине алдыңғы жолдарын да дәл емес деуге болмайды. Бір тілден екінші тілге аударғанда, сөз орнын ауыстыру, бір сөздің орнына басқа синонимдер алу - аударманың жалпы заңы. М.Құрмановтың немішеден жасаған өлеңнің жолма-жол аудармасымен салыстырсақ, Абай аудармасы түпнұсқамен дәлме дәл келеді. Тіпті, Лермонтовтың жасаған аудармасымен Абайдың аудармасын салыстырсақ, Абай аудармасы түпнұсқаға жақынырақ.

«Қараңғы түнде тау қалғып» - аудармадағы көркемділіктің, бейнеліліктің, дәлдіктің эталоны. Лермонтовтың «тау шыңдарын» «тауға» түсіріп, Шыңғыс тауына келтіріп, «аңғарды» Қарауылдың «жазық даласына» айналдырған ұлы ақынның арқасында Гете өлеңі бүкіл қазақ даласына жайылды.

Абай Гете лирикасының мағынасын, ойын терең түсіне келіп, жыр ырғағын, интонациясын, әуезін аударма бойына сіңірген. Сонымен қатар, ұлттық өлең өлшеміне түсіріп, өзіндік өрнегін берген ырғағын айшықтап, әуезді әнге айналдырған.

Көркем аудармада Абай өзіндік із қалдырған нар тұлға. Еркін аудармаға қалам сермеген Абай өзге тілдегі туындыларды қазақ халқының табиғатына жақындатып, жан бітірген.

Әдебиеттер тізімі

1. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан.Зерттеулер мен мақалалар. Алматы, 1978
2. Шапай Т. Шын жүрек, бір жүрек. Эссе. Әдеби сын– Алматы, 1999
3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы, аудармалар мен қара сөздер.Алматы, 1986.
4. www.abai-inst.kz
5. Аударма теориясы және тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. Алматы, - 2008
6. Белинский В.Г. [Рец. на кн.:] Стихотворения А.Н. Струговщикова, заимствованные из Гете и Шиллера //Белинский В.Г. Полн. собр. соч. Т. 9. М.; Л.: Изд. АН СССР, 1956. С. 277.
7. Сидоров А.А. Гете и переводчик // Труды и дни издательства «Мусагет». М., 1914. Тетрадь 7.
8. Жирмунский В.М. Гете в русской литературе. Л.: Худож. лит., 1937.
9. Шагинян М.С. Гете. М.–Л.: Изд. АН СССР, 1950